

ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АҚШАНЫ АУДАРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ

Осы Шарт (бұдан былай мәтін бойынша - Шарт) қосылу шарты болып танылады және төлемдерді қабылдау және ақшаны аудару бойынша қызметтерді «Альфа-Банк» ЕБ АҚ (бұдан былай - Банк) көрсету бойынша стандартты шарттарды анықтайды.

1. ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР

Қосылу туралы арыз – Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген қалыпта төлемдерді қабылдау және ақшаны аудару бойынша қызметтерді көрсету туралы Шартына қосылу туралы арыз ;

Төлем сәйкестендіргіші – Төлеушіні қосымша сәйкестендіретін төлем параметрлері, қызметтер түрлері, тауарлар

Клиент – заңды тұлға немесе оның оқшауланған бөлімшелері (филиалдар және өкілдіктер), жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік) қожалығы немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жеке тәжірибелікпен айналысатын тұлға (адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор). Банк және Клиент бұдан әрі бірлесе отырып «Тараптар» деп атала алады.

Төлем – қолма-қол ақшаны (тауарлардың, қызметтердің, жұмыстардың және т.б. төлемі) қолдана отырып, ақша міндеттемесін орындау;

Төлеуші – Клиент пайдасына банк шотын ашпастан төлемді жүзеге асыратын жеке тұлға;

Төлем терминалы – өзіне-өзі қызмет ету режимінде жеке тұлғалардан төлемдерді қабылдауды қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешен;

Төлемдерді қабылдау – Төлеушінің қолма-қол ақшасын қабылдау және Қосылу туралы арызда көрсетілген банк шотына ақшаны аудару арқылы Клиент пайдасына төлемдерді жүзеге асыру бойынша Банкпен қызмет көрсету;

Реестр – тиісті күн/кезең үшін Клиент пайдасына қабылданған және аударылған төлемдердің тізімі;

Шот – Қосылу туралы арызда көрсетілген төлемдерді аударуға арналған Клиенттің банк шоты. Шот Банкте де, банк операцияларын жүзеге асыратын екінші деңгейдегі басқа банктерде/ұйымдарда да ашыла алады.

2. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Осы Шартпен төлемдерді қабылдау бойынша Банкпен көрсетілетін қызметтердің жалпы талаптары анықталады. Осы Шарттың талабы стандартты қалыпта анықталған және Клиентпен Қосылу туралы арызға қол қою арқылы қабылдана алады.

2.2. Шарт бойынша берілетін Клиенттің деректемелері және Банктің қызмет көрсету шартын талдап тексеру, соның ішінде, Банкке комиссияны төлеу әдістері Қосылу туралы арызда көрсетіледі. Клиенттің деректемелері немесе қызмет көрсету шартын талдап тексеру өзгерген жағдайда жаңа Қосылу туралы арызға қол қойылады.

2.3. Осы Шарт Банкке өкілетті тұлғамен толтырылған және қол қойылған және Клиенттің мөрімен (бар болған жағдайда) бекітілген Қосылу туралы арызды беру арқылы жасалады. Осы тармаққа сәйкес оны қабылдау туралы Банк белгілері бар рәсімделген Қосылу туралы арыз осы Шарттың ажырамас бір бөлігі және Банктің тиісті қызметтеріне қатысты осы Шартты жасасу дерегін растайтын құжат болып табылады.

2.4. Қосылу туралы арызға қойылған Клиенттің қолы Клиенттің қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықсыз Шартты толық көлемде алғанын, оқып шыққанын, түсінгенін және қабылдағанын және оған толықтай қосылғанын куәландырады.

2.5. Клиент егер Банкте Клиенттің қолы қойылған Қосылу туралы арыздың данасы бар болса, осы Шартты ол алмағанын/оқымағанын/түсінбегенін/қабылдамағанын дәлелдеу ретінде осы Шартта қойған қолы жоқ екендігіне сілтеме жасауға құқығы жоқ.

2.6. Енгізілген өзгерістері бар Шарт және/немесе осы Шарттың өзгертілген редакциясы www.alfabank.kz. мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтына орналастырылады

2.7. Тараптар осы Шарт аясында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын, Қазақстан Республикасы үкіметінің Қаулысын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік және өзге актілерін, өзге нормативтік құқықтық актілерін, шетел мемлекеттердің заңнама талаптарын, Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарды, мемлекет басшының және үкіметтің, банкты қадағалау органдарының жетекшілері және Банкке қолданылатын шетел мемлекеттердің басқа өкілетті органдардың шығарған жарлық құжаттарын, халықаралық ұйымдардың (соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының) актілерін, сондай-ақ, Банк және қылмыстық жолмен алған табысты заңдастыру (жылыстау) әрекеттеріне қарсы және лаңкестікпен күресуге бағытталған шетел ұйымдарымен (соның ішінде несие ұйымдарымен) жасалған шарттарды орындаудың міндеттемелерін мойындайды.

2.8. Шарт Банкпен белгіленген тәртіпте оны қабылдау туралы белгіні Қосылу туралы арызға Банк басқан мезеттен бастап жасалды деп саналады. Шарт бойынша міндеттеме Банктің барлық филиалдары мен Клиент үшін бірыңғай болып табылады.

2.9. Банк пен Клиент арасындағы қарым-қатынас осы Шартпен, сондай-ақ, ҚР қолданыстағы заңнамасымен (соның ішінде ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен), және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі. Осы Шартпен тікелей көзделмеген барлық қалған жағдайда Тараптар «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Операцияларды өткізудің жалпы талаптары туралы ережені және ҚР заңнамасын басшылыққа алады. Осымен Клиент www.alfabank.kz. мекенжайы бойынша Банктің интернет-сайтында орналастырылған «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Операцияларды өткізудің жалпы талаптары туралы ережемен танысып шығып, келісетінін растайды.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1. Клиент пайдасына Төлеушіден Төлемдерді қабылдауды Клиент тапсырады, ал Банк міндеттемені өзіне алады.

3.2. Төлемдер Банк филиалдарының кассалары және/немесе Банктің төлем терминалдары арқылы, сондай-ақ, Банктің қалауынша – Банктің жайында және одан тыс жерде орнатылған Банк агенттерінің төлем терминалдары арқылы қабылданады.

3.3. Банктің/агенттерінің төлем терминалдары арқылы төлемдерді қабылдау Клиентте Банкте ашылған шоты бар болған жағдайда және төлемдерді аудару үшін Қосылу туралы арызда осы шоттың деректемелерін көрсеткенде ғана мүмкін болады.

3.4. Банк Клиентке ақпаратты www.alfabank.kz. мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтына орналастыру арқылы Банк бөлімінің және төлем терминалдарының орналасқан орны жөнінде ақпарат береді

3.5. Клиент пайдасына қабылданған Төлемдерді орындау тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Банктің ішкі құжаттарын, осы Шарттың талаптарын және Төлеушілермен шарттық қарым-қатынастарын ескере отырып, өздігінен Банкпен анықталады.

3.6. Төлем терминалы арқылы Банк Клиентінің пайдасына төлемді жүзеге асыру үшін Клиенттің СТСН/БСН және төлем терминалының экранында (бұдан былай – төлем сәйкестендіргіші) көрсетілген тәртіпте төлемді жүзеге асыруға арналған өзге қажетті деректемелерді енгізу қажет.

3.7. Банктің төлем терминалы/Банк агенттері арқылы жүзеге асырылған бір реттік Төлемнің максималды сомасы 500 000 (бес жүз мың) теңгені асыра алмайды. Төлем тек теңгеде қабылданады.

3.8. Шарт бойынша Төлемдерді қабылдау осы Шартты жасаған күннен кейін келесі күнде жүзеге асырылады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Банк міндеттенеді:

4.1.1 Клиенттің сұрауы бойынша Клиентке Төлемдерді қабылдау жөніндегі нұсқаулықтарды, кеңестерді беруге;

4.1.2 Шартқа сәйкес төлемдерді қабылдау бойынша талаптарды тиісті түрде орындауды қамтамасыз етуге;

4.1.3 Қазақстан Республикасы заңнамасында өзгерістер және толықтырулар болған жағдайда төлемдерді қабылдау тәртібіне және шартына түзетулер мен толықтырулар уақтылы енгізуге.

4.2. Банк құқылы:

4.2.1 Банкке тиесілі комиссия сомасын, Шарт бойынша Банк пайдасына өзге төлемдерді (банк алдында Клиенттің кез келген басқа берешегі), ҚР заңнамасымен және Шартқа сәйкес банктің ішкі құжаттарымен көзделген құжаттар негізінде Банкте ашылған Клиенттің кез келген банк шоттарын тікелей дебиттеу арқылы Клиент Шотына (осындай қателесіп есепке алу себебіне қарамастан) қателесіп есепке алынған соманы шығарып тастауға.

Клиенттің банк шоттарында ақша жеткілікті болған кезде Банктің төлем құжаты сонда көрсетілген ақша сомасына орындалады, ал ақша жеткіліксіз болған кезде төлем құжаты Шотқа картотекада сақталады.

Клиенттің банк шоттарынан ақша сомасын басқа валютада алған (шығысқа шығарған) жағдайда алынған ақшаны валютаға айырбастау міндеттемесі – Клиент есебінен Банктің тарифтеріне сәйкес айырбастауды өткізгені үшін комиссияны ала отырып, Банкпен белгіленген алынған валютаны сату немесе сатып алу бағамымен – Банктің таңдауымен жүргізіледі;

4.2.2 заңнамамен және/немесе Клиенттің/Төлеушінің шарттық қарым-қатынастарымен көзделген жағдайларда операцияларды орындаудан, тоқтатудан, қайтарып алудан бас тартуға;

4.2.3 осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізуге, Шартпен белгіленген тәртіпте төлемдерді жүзеге асырғаны үшін тарифтерді өзгертуге. Шартқа және тарифтерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы Банк Клиентке олардың күшіне енген күнін көрсете отырып, www.alfabank.kz, мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды;

4.2.4 Клиенттің Банк алдында берешегі болған жағдайда Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе доғаруға.

4.3. Клиент міндеттенеді:

4.3.1. Төлеушілерге Банк бөлімінің және төлем терминалдарының орналасқан жерін, операцияларды өткізу туралы нұсқаулықтарды (Төлеушілерге төлемді жүзеге асыруға қажетті Клиенттің деректемелерін және басқа ақпаратты міндетті түрде көрсете отырып), сондай-ақ, Төлеушіде төлем бойынша кез келген сұрақтар туындаған жағдайда Клиентпен байланысуға болатын байланыс деректерді бере отырып, Банк филиалдарының кассалары, Банктің төлем терминалдарының желісі/Банк агенттері арқылы Клиент пайдасына төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі жөнінде ақпарат беруге;

4.3.2. Банктің қатысуынсыз өздігінен Төлеушілермен өзара есептесудің толықтығын тексеруге және Банкті Банктің өз міндеттемелерін орындауына байланысты емес Төлеушімен болатын дауларға қатыстырмауға;

4.3.3. Төлеушілерге өндірілген төлемдерді Төлеушіге қайтарудың барлық мәселелері Төлеушімен келісе отырып Клиентпен ғана шешілетінін, соған байланысты сұрақтар туындаған жағдайда Клиентке хабарласу қажет екендігін хабарлауға;

4.3.4. Төлеушілердің кез келген айналысын жылдам қарастыруды қамтамасыз етуге;

4.3.5. Шотқа қателесіп аударылған ақша жөнінде Банкке дереу хабарлауға және Банктің талабы келіп түскен мезеттен бастап 1 (бір) жұмыс күн ішінде қателесіп аударылған ақша сомасын қайтарып беруге;

4.3.6. Банкке өзінің бенефициарлы меншіктенушілері жөніндегі ақпаратты қоса алғанда, Банктің ҚР «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы» Заңының талаптарын орындауға қажетті кез келген ақпаратты беруге;

4.3.7. Банкке шараларды өткізуді бастайтын күнге дейін кем дегенде 15 күнтізбелік күннен бұрын Банктің осы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындау барысында әсерін тигізуі мүмкін болатын өткізілетін шаралар жөнінде жазбаша хабарлауға;

4.3.8. www.alfabank.kz Банктің ресми сайтында Шарттың талаптары жөнінде ақпараттармен және тарифтермен өздігінен танысып шығуға

4.3.9. Банктің сұрауы бойынша сұратылған кезең үшін Тараптардың өзара есеп айырысуларын салыстыру актісіне қол қоюға;

4.3.10. Шартпен көзделген талаптарды Клиент орындамаған жағдайда Банкпен келтірілген залалды өтеп беруге.

4.4. Клиент құқылы:

4.4.1. Төлемдерді қабылдау тәртібі және талаптары жөнінде сұрау салу бойынша Банктен ақпарат, кеңес алуға.

5. ҚЫЗМЕТТЕР ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕСУ ТӘРТІБІ

5.1 Банк қызметін төлеу www.alfabank.kz Банктің сайтында көрсетілген Банктің тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады

- Банк кассасы арқылы төлемдерді қабылдағаны үшін – Клиентпен немесе Төлеушімен;
- Банктің терминалы/оның агенттері арқылы төлемдерді қабылдағаны үшін – Клиентпен.

Банк кассасы арқылы төлемдерді қабылдағаны үшін Банк қызметтерін төлеу бойынша міндеттеме артылатын тұлға Қосылу туралы арызға қол қою барысында Клиентпен анықталады.

5.2 Төлеушімен Банктің қызметін төлеген жағдайда Банкке комиссияны төлеу әдістері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Банктің ішкі құжаттарын ескере отырып Банкпен өздігінен анықталады. Банкке төлеуге жататын комиссия мөлшері Төлемді жүргізгенге дейін Төлеушіге хабарланады.

5.3 Банктің қызметін Клиент төлеген жағдайда төлем келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- Банк кассасы арқылы төлемдерді қабылдап, оларды Банкте ашылған Клиенттің Шотына аударған жағдайда – Банкте ашылған Клиенттің шотын тікелей дебиттеу арқылы Банкпен шығысқа шығарылады;
- Банк кассасы арқылы төлемдерді қабылдап, оларды банк операцияларын жүзеге асыратын екінші деңгейдегі басқа банкте/ұйымда ашылған Клиенттің Шотына аударған жағдайда – төлем сомасынан төлеуге жататын комиссия сомасын шегеру және Клиент Шотына төлем сомасын аударғанға дейін оны Банкпен ұстап қалу арқылы;
- Банктің терминалы / оның агенттері арқылы төлемдерді қабылдаған жағдайда – төлеуге жататын комиссияның сомасы Банкте ашылған Клиенттің шотын тікелей дебиттеу арқылы Банкпен есептен шығарылады.

5.4 Төлем сом асынан төлеуге жататын комиссия сомасын шегеру арқылы Банк қызметін төлеген жағдайда Банк Клиентке қабылданған төлем сомасы және Тізілімді қалыптастыру арқылы соның ішінен өндірілген шегеріс жөнінде хабарлайды, бұл жағдайда Өндірілген төлемдер тізілімі Клиенттің талабы бойынша беріледі. Банкте ашылған Клиенттің шотын тікелей дебиттеу арқылы Банк қызметін төлеген жағдайда қабылданған төлемдер және комиссияны Банкпен шығысқа шығару туралы ақпарат Клиенттің тиісті шоты бойынша Үзінді көшірмеде көрсетіледі.

5.5 Клиенттің қалауынша (комиссия төлеу әдісіне қарамастан Қосылу туралы арызда көрсетіледі) Өткізілген төлемдер тізілімі тұрақты негізде Банкпен беріле алады. Тізілім форматы және оны беру мерзімділігі Қосылу туралы арызға қол қою барысында анықталады. Клиент Банкпен келісе отырып, Тізілімнің форматын өзгертуге және төлемдер туралы қосымша мәліметтерді сұратуға құқылы.

5.6 Банк бір жақты тәртіпте Банктің Тарифтеріне өзгерістер енгізуге құқылы. Тарифтер өзгерген жағдайда Банк Клиентке жаңа тарифтердің қолданысқа енетін мерзімі басталғанға дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде Банктің операциялық залдарға және/немесе www.alfabank.kz мекенжайы бойынша Банктің Интернет-сайтына тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды. Клиент өздігінен енгізілген өзгерістермен танысады. Клиент жаңа

тарифтермен келіспеген жағдайда Клиент Банкке Шарттың 10-бабымен белгіленген тәртіпте жаңа Тарифтер күшіне енгенге дейін жазбаша хабарламаны жібере отырып, осы Шартты әрмен қарай орындаудан бас тартуға құқылы. Клиентпен Шарттан және Шарт бойынша операцияларды әрмен қарай жасаудан бас тарту жөнінде хабарламаны бермеу Клиенттің жаңа тарифтермен келіскендігін растайды.

5.7 Банктің Тарифтері келесі тәртіпте Тараптар келісімімен арту жағына өзгертіле алады: Банк Тарифтерін өзгерту туралы ақпарат Шарттың 5.6.-т. көрсетілген тәртіпте және мерзімде Банктің Интернет-сайтында Банкпен орналастырылады. Банкке Клиент олардың күшіне енгенге дейін арту жағына Банк Тарифтерінің өзгерістеріне келіспеу жөнінде арызды бермеген жағдайда Клиенттің Банк Тарифтерінің өзгерістерімен келіскендігін білдіреді және Банк Тарифтері Тараптармен келісілді деп саналады. Шартқа қосымша келісімді жасасу немесе Клиент келісімінің басқа жазбаша растамасы қажет болмайды. Арту жағына Банк Тарифтерінің өзгерістерімен Клиент келіспеген жағдайда Клиент Банкке Шарттың 10-бабымен белгіленген тәртіпте жазбаша хабарламаны жібере отырып, осы Шартты әрмен қарай орындаудан бас тартуға құқылы.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1 Тараптар осы Шарттың мазмұнын, сондай-ақ, осы Шартпен шығатын немесе байланысты мәліметтерді (құпия ақпаратты) жариялауға жауапты болады.

6.2 Осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болады, егер жауапкершіліктің басқа мөлшері Шартпен анықталмаған болса.

6.3 Клиент Шарттың 4.3.5-т. көрсетілген қателесіп аударған төлемді қайтарып беру мерзімін бұзған жағдайда Клиент мерзімі өткен әрбір күн үшін қателесіп есепке алынған сомадан 1% (бір) мөлшерде тұрақсыздық айыпты (өсімпұлды) Банкке төлейді.

6.4 Банк Төлеушінің орындалған нұсқауы бойынша жауапты болмайды, егер нұсқаудағы қателікті Төлеуші жасаған болса.

6.5 Банк Төлеушілермен Клиенттің өзара қарым-қатынастарына, сондай-ақ, Банктің кінәсінен емес болған басқа жағдайларда жауапты болмайды, соның ішінде, Төлеушінің Клиентпен төлемдерді қабылдау мерзімдерін белгілеген Төлеушінің берешек сомасын Клиент ұсынған мөлшермен келіспеген жағдайда шектеместен, қоса алғанда дауларға қатыспайды.

6.6 Мәні бойынша Банкпен өндірілген төлемдер сомасын қайтару туралы Төлеушілердің өтініштері қарастырылмайды. Банк Клиенттің Төлемді қайтаруға / қайтарып беруден бас тартуға жауапты болмайды.

7. ФОРС – МАЖОР

7.1 Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер орындамау немесе тиісті түрде орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор) салдарынан болатын болса.

7.2 Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп тараптар алдын ала алмайтын және төтенше сипаттағы бұлтарпас оқиғалар нәтижесінде осы Шартқа қол қойғаннан кейін туындаған жағдайларды, атап айтсақ: Тараптар еркіне бағынбайтын соғыс және әскери іс-қимылдар, дүлей немесе басқа апаттар, бағдарламалық жасақтаманың, электр энергияны беру және деректерді жіберу жүйелерінің істен шығуы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің әрекеттері, осы Шарттың мәніне тікелей қатысы бар үшінші тұлғалардың тыйым салынатын немесе шектейтін қызметі түсінеді.

7.3 Осы Шарттың 7.2.-т. көрсетілген жағдайлар салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап кешіктірместен басқа Тарапқа жазбаша түрде осы жағдайлардың басталғандығы және тоқтатылуы жөнінде хабарлауы және бастапқы талап бойынша қарама-қарсы Тарапқа форс-мажорлық жағдайлардың басталғандығын және/немесе

тоқтағанын растайтын дәлелдерді беруі тиіс. Көрсетілген жағдайлардың басталу және жалғасу дәлелі болып құзыретті органдардың берген жазбаша құжаттары табылады.

7.4 Шарттың 7.2-тармағымен көзделген жағдайларда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақытқа шамаластыра отырып жылжытылады. Егер форс-мажор жағдайлары 1 (бір) айдан артық уақыт жалғасатын болса, Тараптардың кез келгені осы Шартты бұзуға құқылы.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1 Шарттың талаптарын орындау бойынша келіспеушіліктер және даулар туындаған жағдайда Тараптар соттан тыс тәртіпте оларды реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Тараптар арасында өзара келісімге келмеген жағдайда барлық реттелмеген даулар Банктің қалауынша Банктің немесе филиалдарының орналасқан орны бойынша соттарда Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қарастырылады.

9. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТАЛАПТАР

9.1. Осымен әр Тарап ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа тарапқа берілетін жеке деректерді басқа тарап жинауға және өңдеуге жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/өкілдерінің/өкілетті тұлғалардың) қажетті тиісті түрде рәсімделген келісімдеріне ие болатынына, және қарама-қарсы Тараптың талабы бойынша оларды дереу беруге кепілдік береді. Бұл жағдайда әрбір Тарап оған олардан немесе Тараптың өзінен келіп түсетін басқа Тараптың қызметкерлерінің/өкілдерінің/өкілетті тұлғаларының жеке деректерінің құпиялылығын және қауіпсіздігін және жеке деректерді қорғау мәселелері бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Шартты орындау мақсатында және байланысты оларды өңдеу барысында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндеттенеді. Сонымен қатар Тарап Шарт бойынша өз міндеттерін орындау мақсатында және байланысты көрсетілген тараптан немесе олардан алынған басқа Тараптың қызметкерлерінің/өкілдерінің/өкілетті тұлғаларының жеке деректерін қолдануға және қандай да бір түрде Шарт бойынша алынған басқа Тараптың қызметкерлерінің/өкілдерінің/өкілетті тұлғаларының жеке деректерін Шарт бойынша өз міндеттерін орындауға байланысты емес мақсаттарда кез келген үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ, осы жеке деректерді оларды өңдеу мақсаттары талап ететін уақыттан артық уақытта сақтауға, және өңдеу мақсаттарына олар жеткенде немесе ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, олардың жету қажеттілігі күшін жойған жағдайда жоюға, Шартты орындау аясында жеке деректерді қорғау туралы ҚР заңнамасының басқа талаптарын орындауға міндеттенеді.

9.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар және/немесе олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықты алу мақсатында немесе өзге заңсыз мақсаттарда әрекеттерге немесе осы тұлғалардың шешімдеріне әсер ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат етпейді.

9.3. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Тараптар (және/немесе олардың қызметкерлері) осы Шарттың мақсаттары үшін пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданылатын ҚР заңнамасымен бағаланатын әрекеттерді, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

9.4. Осы Шарттың әр Тарабы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір түрде ынталандырудан, соның ішінде, ақшалай соманы, сыйлықтарды, олардың мүддесінде жұмыстарды (қызметтерді) ақысыз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке бағындырған және осы қызметкердің оны итермелеген Тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттерді орындауға қамтамасыз етуге бағытталған осы тармақта аталмаған басқа әдістерден бас тартады.

9.5. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар болғандығына немесе болуы мүмкін жағдайға күмән туындаған кезде тиісті Тарап басқа тарапқа жазбаша түрде 5 (бес) жұмыс

күн ішінде хабарлауға міндеттенеді. Жазбаша хабарлағаннан кейін тиісті Тарап бұзу жағдайы болмағанын немесе болмайтынын растайтын растама алғанға дейін осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтатуға құқылы. Бұл растама жазбаша хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жіберілген болуы тиіс.

10. БАСҚА ТАЛАПТАР

10.1. Қосылу туралы арызға қол қоя отырып, Клиент Банкке Шартпен көзделген жағдайларда Банкте ашылған Клиенттің кез келген банктің есепшоттарын тікелей дебиттеу арқылы ақшаны есептен шығаруға өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді. Осы Клиенттің келісімі Банкке Банктегі Клиенттің кез келген банктің есепшотына төлем құжаттарын беру және осы Шартпен және ҚР заңнамасымен көзделген тәртіпте ақшаны есептен шығаруды жүзеге асыру құқығын ұсынады.

10.2. Хабарлама (соның ішінде, кез келген ақпараттық материалдар) Шартта немесе Банкке берілген басқа құжаттарда көрсетілген Банкте болатын Клиенттің деректемелері (соның ішінде, пошта мекенжайы, электронды пошта мекенжайлары, факс, стационарлы немесе ұялы телефон нөмірі (SMS) және т.б.) бойынша Клиентке Банкпен жіберіледі. Клиентке жіберілетін хабарламаның форматы, түрі және әдісі Банкпен өздігінен анықталады. Банктің хабарламасын Клиент алмағаны жөніндегі хабарламаны/хабарды (соның ішінде, кез келген ақпараттық материалдарды) Банкпен алмауы Шартпен және ҚР заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте Клиентпен алған Банктің хабарламасы Клиенттің хабарламасы бойынша Банктің міндеттемесі Банкпен тиісті түрде орындалды деп растама болып табылады.

10.3. Банк бір жақты тәртіпте Клиентпен алдында келіспестен осы Шартқа (соның ішінде Қосымшаға) өзгеріс енгізуге құқылы.

10.4. Банк Шарт талаптарының өзгерістері жөнінде Банктің бөлімшелеріне және www.alfabank.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет-сайтына ақпаратты орналастыру арқылы осындай өзгерістер күшіне енгенге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірместен хабарлайды.

10.5. Осы Шартқа (Қосымшаға) өзгеріс енгізу/өзгертілген редакция жөнінде Банк хабарламаны жариялаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Банкке осы Шарттың (Қосымшаның) талаптарын қабылдамау туралы арызды Клиентпен бермеу осы Шарттың жаңа (өзгертілген) редакциясымен Клиенттің келіскендігін және енгізілген өзгерістерді ескере отырып, толықтай оған қосылатынын білдіреді.

10.6. Клиенттің осы Шарттың (Қосымшаның) өзгерістерімен келіспеген жағдайда Клиент осы Шарттың (немесе оған берілетін бөлек Қосымшаның) әрекет етуін тоқтатуға құқылы. Бұл жағдайда Шартты тоқтату Шарттың 10.10.-т. анықталған талаптарда орындалады.

10.7. Клиент Банкке ҚР заңнамасына ҚР өкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қылмыстық жолмен (AML-процедуралары) алынған кірістерді заңдастыру әрекеттеріне қарсы бағдарлама аясында банк-корреспонденттерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және құқық қорғау органдарына, сондай-ақ, өзге тұлғаларға, соның ішінде клиенттердің құжаттары беру бойынша қызметтерді (егер Клиент Банк агентімен тартылған болса), курьерлік қызметтер бойынша Банкке қызмет көрсететін; Банкке/Клиентке Банк пен осындай тұлғалармен жасалған шарттар талаптарына сәйкес сервистік қызмет (қызметтерді) көрсететін тұлғаларға; Банктің төлем агенттеріне/қосалқы агенттеріне (егер төлем қызметтері төлем агенті/қосалқы агенті арқылы Банкпен берілетін болса) және т.б. өзі туралы ақпаратты, соның ішінде банк құпиясын құрайтын ақпаратты ашуға (соның ішінде, беруге және қолдануға) құқық береді. Осындай ақпаратты ашу (беру және қолдану) тәртібі және әдістері Банкпен өздігінен анықталады.

10.8. Банк Шартта көрсетілген Банкте болатын Клиенттің деректемелері (пошта мекенжайы, электронды пошта мекенжайлары, факс, стационарлы немесе ұялы телефон нөмірі және т.б.) бойынша немесе Банкке берілген өзге құжаттарда көрсетілген, соның ішінде, SMS, e-mail, факс, телефон және т.б. байланыстың ашық арналарын қолдана отырып, Шот (-тар) туралы мәліметті жіберуге құқылы. Осымен Клиент Шарттың осы тармағына сәйкес байланыстың ашық арналары

бойынша Банкпен жіберілетін ақпаратты үшінші тұлғалар рұқсатсыз алу қатерін білетінін растайды, және осындай қатерді өзіне алады.

10.9. Шарт Тараптар қол қойған мезеттен бастап күшіне енеді де, төменде көрсетілген түрде (төменде аталған оқиғалардың қайсысы ерте басталуына қарай) әрекет етеді:

- Шарттың 10.10.-т. көрсетілген тәртіпте оны тоқтатқанға дейін; немесе
- Банкте ашылған Клиенттің Шотын жабу мезетіне дейін, егер Клиенттің басқа банк шоты Төлемдерді аудару үшін Тараптармен анықталмайтын болса.

10.10. Шарт бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен бұрын басқа тарапқа алдын ала жазбаша хабарлай отырып, тараптар келісімімен немесе бір жақты тәртіпте тоқтатыла алады. Шартты тоқтату барысында Тараптар осы Шарт бойынша басқа Тарап алдында бұрын туындаған барлық жағдайларды орындауға міндетті.

10.11. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілінде жасалды. Орыс және мемлекеттік тілдерде Шарттың мәтіні сәйкес келмеген жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

10.12. Осы Шартпен көзделмегеннің барлығын Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасымен басқарады.

БАНКТИҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ

Қазақстан Республикасы

050059, Алматы қ., Назарбаев к-сі., 226 -үй

БСК ALFAKZKA

БСН 941240000341

Резиденттік белгісі: 1

Экономика секторының коды: 4